

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 318 "Шығыс Қазақстан облысының облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы № 202 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 7215 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 318 "Шығыс Қазақстан облысының облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4717 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2016 жылғы 17 қарашадағы № 137 (17377) "Дидар", 2016 жылғы 17 қарашадағы № 138 (19890) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Облыс әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің аппараты басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК